

## Республикалық меншіктің кейбір мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2003 жылғы 29 қаңтар N 105

Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Астана қаласына көшірілуіне байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Көкшетау қаласы, Сәтпаев көшесі, 1, "А" корпусы мекен-жайы бойынша орналасқан ғимарат республикалық меншіктен Ақмола облысының коммуналдық меншігіне берілсін.

2. Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен және Ақмола облысының әкімдігімен бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулының 1-тармағында көрсетілген ғимаратты қабылдау-тапсыру жөніндегі қажетті шараларды жүзеге асырсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен басып күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*